

Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қантар N 370-II Заны.

МАЗМҰНЫ

Осы Зан әлектрондық цифрлық қолтаңбалар арқылы куәландырылған, құқықтық қатынастардың орнатылуын, өзгертілуін немесе тоқтатылуын көздейтін әлектрондық құжаттарды жасау және пайдалану кезінде туындайтын қатынастарды, сондай-ақ азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауды қоса алғанда, құқықтық қатынастарға қатысушылардың әлектрондық құжаттар айналымы саласында туындайтын құқықтары мен міндеттерін реттеуге бағытталған.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Занда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган – ақпараттандыру және "әлектрондық үкімет" саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

1-1) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган - ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) арнайы куәландырушы орталық – әлектрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің әлектрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының уәкілетті бөлімшесі;

2-1) арнайы куәландырушы орталықты аккредиттеу - арнайы куәландырушы орталықтың қызметті жүзеге асыруға құзыретін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің реєсми тануы;

3) архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган – архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) куәландырушы орталық – әлектрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің әлектрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің анықтығын растайтын занды тұлға;

5) куәландыруши орталықты аккредиттеу – куәландыруши орталықтың қызметтер көрсету құзыретін ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның ресми тануы;

5-1) Қазақстан Республикасының арнайы негізгі куәландыруши орталығы - арнайы куәландыруши орталықтардың электрондық цифрлық қолтаңбасының ашық кілттерінің тиесілілігі мен жарамдылығын растауды жүзеге асыратын куәландыруши орталық;

5-2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының куәландыруши орталығы - Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ақпараттық жүйелерінде және өзге де мемлекеттік ақпараттық ресурстарында мемлекеттік органдарға, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қызмет көрсететін куәландыруши орталық;

5-3) Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруши орталығы - куәландыруши орталықтардың электрондық цифрлық қолтаңбасының ашық кілттерінің тиесілілігін және жарамдылығын растауды жүзеге асыратын куәландыруши орталық;

5-4) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапы - трансшекаралық өзара іс-қимыл жасау шенберінде шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбаның және Қазақстан Республикасының аумағында берілген электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнүсқалығын растауды жүзеге асыратын ақпараттық жүйе;

5-5) Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруши орталығы - мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде электрондық құжаттарды қалыптастыру үшін жеке немесе заңды тұлғаларға электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын және тіркеу куәліктерін беретін куәландыруши орталық;

6) қол қоюшы тұлға – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін құқыққа сыйымды иеленетін және оны электрондық құжатта пайдалану құқығы бар жеке немесе заңды тұлға;

7) құжаттың электрондық көшірмесі – төлнүсқа құжаттың түрін және ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық нысанда толығымен көрсететін құжат;

8) алып тасталды - ҚР 28.12.2017 № 128-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он қун өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) тіркеу куәлігі - куәландыруши орталық электрондық цифрлық қолтаңбаның осы Занда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін беретін электрондық құжат;

10) тіркеу куәлігін иеленуші – өз атына тіркеу куәлігі берілген, тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті құқыққа сыйымды иеленетін жеке немесе заңды тұлға;

11) электрондық архив – архивтік электрондық құжаттардың жиынтығы;

12) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

13) электрондық құжат айналымы – мемлекеттік органдар, жеке және занды тұлғалар арасында электрондық құжаттар алмасу;

14) электрондық құжат айналымы жүйесі – қатысушылары арасындағы қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттелетін электрондық құжаттар алмасу жүйесі;

15) электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы – электрондық құжаттарды жинау, өндөу, сақтау, беру, іздеу және тарату процестеріне қатысатын жеке немесе занды тұлға, мемлекеттік орган немесе лауазымды адам;

16) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

17) электрондық цифрлық қолтаңба құралдары – электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның төлнұсқалығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы;

18) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті – кез келген тұлғага қолжетімді және электрондық құжаттағы электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын растауға арналған электрондық цифрлық нышандар дәйектілігі;

19) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып, электрондық цифрлық қолтаңбаны жасауға арналған электрондық цифрлық нышандар дәйектілігі.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - КР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңмен; өзгерістер енгізілді - КР 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы зандары

1. Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы зандары Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді, осы Заңдан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Шетелдік тіркеу куәлігін пайдалану мен шетелдік жеке және занды тұлғалар қатысатын электрондық құжаттарды алмасу

1. Егер тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, куәландыруыш орталық пен шетелдік тіркеу күлігі иесінің арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттеу кезінде тіркеу күлігі берілген мемлекеттің құқығы қолданылады.

2. Егер тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, шетелдік жеке және заңды тұлғалар қатысатын электрондық құжаттарды алмасу кезінде Қазақстан Республикасының заңдары қолданылады.

4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Ескерту. 4-бап алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-бап. Ұәкілетті органдардың құзыреті

1. Ақпараттандау саласындағы ұәкілетті орган:

1) электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

3) алып тасталды – ҚР 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) алып тасталды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) куәландыруыш орталықтың үлгілік ережесін бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруыш орталығын, мемлекеттік органдардың куәландыруыш орталығын, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруыш орталығын және Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапын қоспағанда, куәландыруыш орталықтың тіркеу күеліктерін беру, сактау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекітеді;

7) обьектілік сәйкестендіргіштердің қазақстандық сегментіндегі обьектілік сәйкестендіргіштерді тіркеу, қайта тіркеу және олардың күшін жою қағидаларын бекітеді;

8) алып тасталды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9) шет мемлекеттердің куәландыруыш орталықтарының, сенім білдірілген үшінші тараптарының Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапымен өзара іс-қимылын тіркеу және тоқтату қағидаларын бекітеді;

10) электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнүсқалығын тексеру қағидаларын бекітеді;

11) алып тасталды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12) Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруши орталығының, мемлекеттік органдардың куәландыруши орталығының және Қазақстан Республикасының ұлттық куәландыруши орталығының тіркеу күеліктерін беру, сақтау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапының электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнүсқалығын растау қағидаларын бекітеді;

13-1) Қазақстан Республикасының негізгі куәландыруши орталығының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландыруши орталығының, Қазақстан Республикасы ұлттық куәландыруши орталығының және Қазақстан Республикасы сенім білдірілген үшінші тарапының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

13-2) алып тасталды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13-3) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша куәландыруши орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

14) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган:

1) электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;

2) электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер мәселелеріне салааралық ұйымдастырышылық-әдістемелік басшылықты қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінің, орталық мемлекеттік архивтердің жинақтау көздерінде Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер бөлігінде сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру парактарын, тәуекелді бағалау өлшемшарттарын, тексерулер жүргізудің жартышылдық кестелерін бекітеді;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

2) куәландырушы орталықтарды аккредиттеу туралы куәлікті беру және кері қайтарып алу қағидаларын өзірлейді және бекітеді;

3) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бап жана редакцияда - ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 21.05.2024 № 86-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-1-бап. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Егер осы тармақтың екінші бөлігінде өзгеше белгіленбесе, электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жоспардан тыс тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдарға қатысты Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылау осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тармақтың талабы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен оның құрылымына кіретін үйымдарға және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы занды тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдарына қолданылмайды.

2. Алып тасталды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 5-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.07.17. N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгерту енгізілді - ҚР 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-В (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

5-2-бап. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында электрондық құжат айналымы және электрондық архивтер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағында электрондық құжат айналымы мен электрондық архивтер мәселелеріне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінің және орталық мемлекеттік архивтердің жинақтау көздерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тaraу 5-2-баппен толықтырылды - ҚР 16.05.2018 № 155-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

5-3-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті:

1) Қазақстан Республикасы арнайы негізгі куәландыруши орталығының тіркеу куәліктерін беру, сактау, кері қайтарып алу және электрондық цифрлық қолтаңбаның ашиқ кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау қағидаларын бекітеді;

2) Қазақстан Республикасының арнайы негізгі куәландыруши орталығының қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

3) осы Занда, Қазақстан Республикасының өзге де зандарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тaraу 5-3-баппен толықтырылды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2-тарау. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ

5-4-бап. Мемлекеттік органдарға қатысты Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу тәртібі

1. Мемлекеттік органдарға (бұдан әрі – бақылау субъектілері) қатысты Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган тексеру нысанында жүргізеді.

Тексерулер мерзімдік және жоспардан тыс деп бөлінеді.

Бақылау субъектілеріне қатысты мерзімдік тексеру мынадай ақпарат көздеріне сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) алдыңғы тексерулердің нәтижелері;
- 2) есептілік пен мәліметтерді мониторингтеудің нәтижелері;
- 3) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын талдаудың нәтижелері;
- 4) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторының мәліметтері.

2. Мерзімдік тексерулер ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның бірінші басшысы бекіткен мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарына сәйкес жылына бір реттен жиі емес кезеңділікпен жүргізіледі.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган тексеру жылының алдындағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарын бекітеді.

Мерзімдік тексерулер жүргізу жоспары ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында тексерулер жылының алдындағы жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірілмей орналастырылады.

Мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарында мыналар қамтылады:

- 1) жоспардың бекітілген күні мен нөмірі;
- 2) мемлекеттік органның атауы;
- 3) бақылау субъектісінің атауы;
- 4) бақылау субъектісінің (объектісінің) тұрған жері;
- 5) тексеру жүргізу мерзімдері;
- 6) тексерудің нысанасы;
- 7) жоспарға қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы.

Мерзімдік тексерулер жүргізу жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бақылау субъектісі таратылған, қайта ұйымдастырылған, оның атауы өзгерген немесе өкілеттіктері бақылау субъектілері арасында қайта бөлінген жағдайларда жүзеге асырылады.

3. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган тағайындастын тексеру:

1) бақылау субъектісіне Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасы талаптарының бұзылуы туралы жеке және занды тұлғалардан келіп түскең, расталған жолданымдар болған;

2) құқықтары мен занды мұдделері бұзылған жеке және занды тұлғалар жүгінген;

3) жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен занды мұдделеріне нұқсан келтірудің нақты фактілері бойынша не нұқсан келтіру қатері туралы прокурор талап еткен;

4) жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің құқықтары мен занды мұдделеріне нұқсан келтірудің нақты фактілері бойынша, сондай-ақ жойылмауы жеке және занды тұлғалардың құқықтары мен занды мұдделеріне нұқсан келтіруге алып келетін Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының бұзылуының нақты фактілері бойынша мемлекеттік органдар жүгінген;

5) қылмыстық қудалау органдың Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша тапсырмасы болған;

6) тексеру нәтижелері туралы актінің орындалуына бақылау жүргізу қажет болған жағдайларда жоспардан тыс тексеру болып табылады.

4. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органдың лауазымды адамдарының тексеру жүргізу кезінде:

1) осы баптың 8-тармағында көрсетілген құжаттарды көрсеткен кезде тексерудің нысанасына сәйкес бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруге;

2) тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін, сондай-ақ тексерудің нысанасына сәйкес автоматтандырылған дерекқорға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділікті алуға;

3) аудио-, фото- және бейнетүсірілімді жузеге асыруға;

4) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың мамандарын, консультанттары мен сарапшыларын тартуға құқығы бар.

5. Бақылау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері тексеру жүргізілген кезде:

1) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органдың тексеру жүргізуге келген лауазымды адамдарын:

осы бапта белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін, тексеруді тағайындау туралы актіде (бар болған кезде мерзімдерді ұзарту туралы қосымша актіде) көрсетілген мерзімдер асып кеткен не өтіп кеткен;

осы баптың 8-тармағында көзделген құжаттар болмаған жағдайларда тексеруге жібермеуге;

2) тексеру нәтижелері туралы актіге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға құқылы.

6. Бақылау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері тексеру жүргізілген кезде:

1) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарының бақылау субъектісінің (объектісінің) аумағына және үй-жайларына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарына тексеру нәтижелері туралы актіге қоса тіркеу үшін қағаз және электрондық жеткізгіштердегі құжаттарды (мәліметтерді) не олардың көшірмелерін, сондай-ақ тексерудің нысанасына сәйкес автоматтандырылған дереккорға (ақпараттық жүйелерге) қолжетімділікті ұсынуға;

3) тексеруді тағайындау туралы актінің және тексеру нәтижелері туралы актінің екінші данасына ол аяқталған күні белгі жасауға міндettі.

7. Тексеру тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде жүргізіледі.

Тексеруді тағайындау туралы актіде мыналар көрсетіледі:

1) актінің күні мен нөмірі;

2) мемлекеттік органның атауы;

3) тексеру жүргізуге уәкілеттік берілген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) мемлекеттік органдардың, ведомстволық бағынысты және өзге де ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары туралы мәліметтер;

5) бақылау субъектісінің атауы, оның тұрған жері.

Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі тексерілген жағдайда тексеруді тағайындау туралы актіде оның атауы мен тұрған жері көрсетіледі;

6) тексерудің нысанасы;

7) тексеру түрі;

8) тексеру жүргізу мерзімі;

9) тексеру жүргізу негіздері;

10) тексерілетін кезең;

11) бақылау субъектісінің құқықтары мен міндеттері;

12) бақылау субъектісі басшысының не оның уәкілетті адамының актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы;

13) актіге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы.

Тексеру жүргізу кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган тексеру жүргізу нысанасын көрсете отырып, ол басталғанға дейін кемінде бір тәулік бұрын бақылау субъектісін тексеру жүргізудің басталатыны туралы хабардар етуге міндettі.

Бақылау субъектісіне тексеруді тағайындау туралы акт табыс етілген күн тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

8. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның объектіге тексеруге келген лауазымды адамдары бақылау субъектісіне:

- 1) тексеруді тағайындау туралы актіні;
- 2) қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын;
- 3) қажет болған кезде – құзыретті органның режимдік объектілерге баруға рұқсатын көрсетуге міндettі.

9. Тексеру жүргізу мерзімі тексерудің нысанасы, сондай-ақ алдағы жұмыстардың көлемі ескеріле отырып белгіленеді және он жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Тексеру жүргізу мерзімі тек бір рет он бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Ұзарту ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган басшысының шешімімен жүзеге асырылады.

Тексеру жүргізу мерзімдерін ұзарту бақылау субъектісін хабардар ете отырып, тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актімен ресімделеді, онда тексеруді тағайындау туралы алдыңғы акт бүйрекшілік күні мен нөмірі және ұзарту себептері көрсетіледі.

Тексеру мерзімдерін ұзарту туралы хабарламаны ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган табыс етілгені туралы хабарламамен бақылау субъектісіне ұзартылғанға дейін бір жұмыс күні бұрын табыс етеді.

10. Тексеру нәтижелері бойынша ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдары тексеру нәтижелері туралы акт жасайды.

Тексеру нәтижелері туралы актінің бірінші данасы электрондық нысанда өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органға, екінші данасы, бақылау субъектісінде түпнұсқасы бар құжаттардың көшірмелерін қоспағанда, қосымшалардың көшірмелерімен қағаз жеткізгіште қол қойғыза отырып немесе электрондық нысанда анықталған бұзушылықтармен танысу және оларды жою жөнінде шаралар қабылдау және басқа да әрекеттер үшін бақылау субъектісіне (басшыға не оның уәкілетті адамына) табыс етіледі, үшінші данасы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органда қалады.

11. Тексеру нәтижелері туралы актіде мыналар көрсетіледі:

- 1) актінің жасалған күні, уақыты және орны;
- 2) мемлекеттік органның атауы;
- 3) тексеруді тағайындау туралы актінің (мерзімді ұзарту туралы қосымша акт болған кезде оның) күні мен нөмірі;
- 4) тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, экесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

5) мемлекеттік органдардың, ведомствоның бағынысты және өзге де ұйымдардың тексеру жүргізуге тартылатын мамандары, консультанттары мен сарапшылары туралы мәліметтер;

6) бақылау субъектінің атауы, оның тұрған жері;

7) тексерудің нысанасы;

8) тексеру түрі;

9) тексеруді жүргізу мерзімі мен кезеңі;

10) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар және олардың сипаты туралы мәліметтер;

11) орындалу мерзімі көрсетілген Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптар;

12) бақылау субъектің басшысының не оның уәкілетті адамының, сондай-ақ тексеру жүргізу кезінде қатысқан адамдардың актімен танысқаны немесе танысадан бас тартқаны туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тарту туралы жазба;

13) тексеру жүргізген лауазымды адамдардың қолтаңбасы.

Тексеру нәтижелері туралы актіге тексеру нәтижелеріне байланысты құжаттар (олар болған кезде) және олардың көшірмелері қоса беріледі.

12. Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда, бақылау субъектің оларды жазбаша түрде жазады. Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, бұл туралы тиісті белгі жасалады.

Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган бақылау субъектінің тексеру нәтижелері туралы актіге ескертулерін және (немесе) қарсылықтарын он бес жұмыс күні ішінде қарауга және уәжді жауап беруге тиіс.

Тексеру нәтижелері туралы актіні қабылдаудан бас тартылған жағдайда акт жасалады, оған тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамдар және бақылау субъектінің басшысы не оның уәкілетті өкілі қол қояды.

Бақылау субъектің бас тарту себебі туралы жазбаша түсіндірме бере отырып, актіге қол қоюдан бас тартуға құқылы.

13. Тексеру нәтижелері туралы акт бақылау субъектінің тексерудің тағайындау туралы актіде немесе тексеру мерзімдерін ұзарту туралы қосымша актіде көрсетілген тексерудің аяқталу мерзімінен кешіктірілмей табыс етілген күн тексеру мерзімінің аяқталуы деп есептеледі.

14. Тексеру нәтижелері туралы актіні орындау мерзімдері оны орындаудың нақты мүмкіндігіне әсер ететін мән-жайлар ескеріле отырып, бірақ тексеру нәтижелері туралы акт табыс етілген күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн болып айқындалады.

15. Тексеру нәтижелері туралы актінің орындалу мерзімдерін айқындау кезінде:

1) бақылау субъектісінде бұзушылықтарды жою бойынша ұйымдастырушылық, техникалық мүмкіндіктердің болуы;

2) мемлекеттік органдарда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген міндетті қорытындыларды, келісулерді және басқа да құжаттарды алу мерзімдері ескеріледі.

16. Тексеру нәтижелері туралы актіде белгіленген анықталған бұзушылықтарды жою мерзімі өткеннен кейін бақылау субъекті тексеру нәтижелері туралы актіде белгіленген мерзім ішінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органға растайтын құжаттармен бірге анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.

Анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат ұсынылмаған жағдайда, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган осы баптың З-тармағының 6) тармақшасына сәйкес жоспардан тыс тексеру тағайындауға құқылы.

17. Тексеруді жүзеге асыру кезінде бақылау субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда бақылау субъекті ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жоғары түрған лауазымды адамға не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа шағым жасауға құқылы.

Ескерту. 2-тaraу 5-4-баппен толықтырылды – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Заңымен.

6-бап. Электрондық құжат айналымының принциптері

Электрондық құжат айналымы:

1) электрондық құжат айналымының әр түрлі жүйелерінің жұмыс істеуі;

2) деректер жасау, өндеу, сақтау, беру, ұсыну және растау үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылатын қызметтің кез келген салаларында электрондық құжаттарды пайдалану;

3) кез келген ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық құжаттарды беру принциптері негізінде мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданыска енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданыска енгізіледі) Заңдарымен.

7-бап. Электрондық құжат айналымына қойылатын талаптар

1. Осы Заңның талаптарына сәйкес келетін және оған қол қоюға өкілеттігі бар адамның электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы куәландырылған электрондық құжат қағаз жеткізгіштегі қол қойылған құжатпен бірдей.

2. Электрондық құжат оны телекоммуникациялар желісі арқылы берген кезден бастап жіберілген болып есептеледі.

3. Кірген электрондық құжат жолданым иесінің ақпараттық жүйесінде оны тіркегеннен кейін түскен болып есептеледі.

4. Алғаны туралы хабарламада электрондық құжатты алу фактісі мен уақыты туралы және оның жөнелтушісі туралы деректер болуға тиіс. Ол авторға түспеген жағдайда, жолданым иесі құжатты алмаған болып есептеледі.

4-1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттың электрондық көшірмесі беріледі.

5. Электрондық құжат айналымының тәртібін архив ісі және басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

6. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын электрондық құжаттарды және өзге де деректерді мемлекеттік құпияларға жатқызылған, қорғалып орындалған ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жинау, өндеу, сақтау, беру, іздеу, тарату, пайдалану, қорғау, тіркеу, растау және жою тәртібін, сондай-ақ арнаулы куәланышты орталықты құру, аккредиттеу және оның қызметін тоқтату тәртібін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайды.

7. Осы баптың 2, 3 және 4-тармақтарының талаптары цифрлық құжаттар сервисі арқылы ұсынылған электрондық құжаттарға қолданылмайды.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.06.04. N 162-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

8-бап. Электрондық құжаттарды сақтау

Электрондық құжаттар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде сақталады.

Мемлекеттік және (немесе) мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде сақталатын электрондық құжаттар цифрлық құжаттар сервисі арқылы пайдаланылуы және берілуі мүмкін.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

9-бап. Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушының құқықтары мен міндеттері

1. Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы:

1) куәланышты орталық тіркеген электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау үшін осы куәланышты орталыққа жүгінуге;

- 2) бірнеше куәландыруши орталықтың қызмет көрсетуін пайдалануға құқылы.
2. Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы белгіленген электрондық құжат айналымы ережелерін сақтауға міндettі.

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 20.12.2004 № 13 Заңымен (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі).

3-тaraу. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА

10-бап. Электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану

1. Электрондық цифрлық қолтаңба қол қоюшы тұлғаның өзі қойған қолымен тең және мынадай шарттар орындалған кезде:

1) тіркеу куәлігі бар ашық кілттің көмегімен электрондық цифрлық қолтаңбаның тұпнұсқалығы куәландырылғанда;

2) электрондық құжатқа қол қойған тұлға электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне занды түрде иелік еткенде;

3) электрондық цифрлық қолтаңба тіркеу куәлігінде аталған мәліметтерге сәйкес пайдаланылғанда;

4) Қазақстан Республикасының аккредиттелген куәландыруши орталығы немесе Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапында тіркелген шетелдік куәландыруши орталық электрондық цифрлық қолтаңбаны жасағанда және тіркеу куәлігін бергенде, бірдей зандық салдарға әкеп соғады.

2. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттері оларды занды негіздерде иеленетін тұлғалардың меншігі болып табылады.

Тұлға әртүрлі ақпараттық жүйелерге арналған электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттеріне ие бола алады. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін басқа тұлғаларға беруге болмайды.

Куәландыруши орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін жасау, пайдалану және сақтау қағидаларына сәйкес куәландыруши орталықта электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін сақтауға жол беріледі.

3. Занды тұлғаның басшысы немесе оны алмастыратын адам осы занды тұлғаның жұмыскеріне немесе өзі тағайындаған адамға электрондық құжатқа қол қоюға өкілеттіктер беруге құқылы. Бұл ретте әрбір қызметкер тіркеу куәлігін және өз атына алынған электрондық цифрлық қолтаңбаның өзіне сәйкес келетін жабық кілтін пайдаланады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - 2010.07.15 № 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

11-бап. Электрондық цифрлық қолтаңба құралдары

Электрондық цифрлық қолтаңба құралдарының Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заннамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен сәйкестігі расталуға жатады.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

12-бап. Электрондық құжат айналымы жүйесіндегі электрондық цифрлық қолтаңба

1. Электрондық цифрлық қолтаңбаны мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары өздерінің өкілеттігі шегінде өздері шығаратын электрондық құжаттарды күәландыру кезінде пайдалана алады.

2. Электрондық құжат айналымының мемлекеттік емес жүйелерінде электрондық цифрлық қолтаңба Қазақстан Республикасының азаматтық зандарында белгіленген тәртіппен пайдаланылады.

Ескерту. 12-бапқа өзгерту енгізілді - 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

13-бап. Шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбаны тану

Шетелдік тіркеу күәлігі бар шетелдік электрондық цифрлық қолтаңба Қазақстан Республикасының аумағында мынадай жағдайларда:

1) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапы шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнүсқалығын күәландырса;

2) электрондық құжатқа қол қойған тұлға шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін занды түрде иеленсе;

3) шетелдік электрондық цифрлық қолтаңба тіркеу күәлігінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес пайдаланылған болса;

4) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапында тіркелген шетелдік күәландыруши орталықтың немесе Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапында тіркелген, шет мемлекеттің сенім білдірілген үшінші тарапында тіркелген шетелдік күәландыруши орталықтың электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен қалыптастырылса, танылады.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4-тарау. ТІРКЕУ КҮӘЛІГІ

14-бап. Тіркеу күәлігін беру

Тіркеу күәлігі он алты жасқа толған адамға ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен беріледі.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

14-1-бап. Тіркеу күәлігін беруден бас тарту

Куәландыруши орталық:

- 1) ұсынылған құжаттар толық болмаған;
- 2) анық емес мәліметтер ұсынылған;
- 3) сottың заңды қүшіне енген шешіміне сәйкес;
- 4) адам он алты жасқа толмаған жағдайларда, тіркеу қуәлігін беруден бас тартады.

Ескерту. 4-тaraу 14-1-баппен толықтырылды - ҚР 24.11.2015 № 419-V Занымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Тіркеу қуәлігінің мазмұны

1. Тіркеу қуәлігінде мынадай мәліметтер:
 - 1) тіркеу қуәлігінің нөмірі мен оның қолданылу мерзімі;
 - 2) электрондық цифрлық қолтаңбаның иесін бірдейлендіруге мүмкіндік беретін деректер;
 - 3) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті;
 - 4) алып тасталды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Занымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 5) электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану салалары мен оны қолдануды шектеу туралы ақпарат;
 - 6) тиісті қуәландыруши орталықтың реквизиттері болуға тиіс.
2. Куәландыруши орталық электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушымен келісе отырып, электрондық құжат айналымы үшін қажетті қосымша ақпаратты тіркеу қуәлігіне енгізеді.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

16-бап. Тіркеу қуәліктерін қуәландыруши орталықтарда сақтау тәртібі мен мерзімі

1. Тіркеу қуәліктерінің көшірмелері уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті қуәландыруши орталықтарда сақталады.
2. Кері қайтарып алынған тіркеу қуәліктерін қуәландыруши орталықтарда сақтау мерзімі - кемінде бес жыл.
3. Кері қайтарып алынған тіркеу қуәліктері осы баптың 2-тармағында аталған мерзім өткеннен кейін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мұрагаттық сақтауға түседі.

17-бап. Тіркеу қуәлігі иесінің құқықтары мен міндеттері

1. Егер тіркеу қуәлігінің иесі тіркеу қуәлігінде аталған ашық кілтке сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне қол жеткізу режимі бұзылады деп санаса, ол қуәландыруши орталықтан тіркеу қуәлігін кері қайтарып алуды талап етуге құқылы.
2. Тіркеу қуәлігінің иесі:

- 1) куәландыруыш орталыққа дұрыс ақпарат беруге;
- 2) тіркеу куәлігінде аталған ашық кілтке сәйкес келетін жабық кілтті пайдалануға;
- 3) алып тасталды - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;
- 4) электрондық цифрлық қолтаңбаның өздеріне тиесілі жабық кілтін заңсыз қол жеткізу мен пайдаланудан қорғау үшін шаралар қолдануға, сондай-ақ электрондық құжатпен бірге электрондық цифрлық қолтаңбаны тексеру үшін ашық кілтті сақтауға және беруге міндettі.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2010.07.15 N 337-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін күнтізбелік алпыс құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

18-бап. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу

1. Тіркеу куәлігін берген куәландыруыш орталық оны тиісті хабарлама негізінде мынадай жағдайларда:

- 1) тіркеу куәлігі иесінің не оның өкілінің талап етуі бойынша;
- 2) тіркеу куәлігін алған кезде дұрыс емес мәліметтерді не толық емес құжаттар топтамасын беру фактісі анықталған кезде;
- 3) тіркеу куәлігінің иесі қайтыс болса;
- 4) тіркеу куәлігі иесінің тегі, аты немесе әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) өзгерсе;
- 5) тіркеу куәлігінің иесі - занды тұлғаның атауы ауысса, қайта ұйымдастырылса, таратылса, занды тұлғаның басшысы ауысса;
- 6) куәландыруыш орталық пен тіркеу куәлігінің иесі арасындағы келісімде көзделген жағдайларда;
- 7) соттың занды қүшіне енген шешімі бойынша кері қайтарып алады.

2. Күәландыруыш орталық тіркеу куәлігін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде кері қайтарып алады.

3. Тіркеу куәлігін кері қайтарып алу кезінде куәландыруыш орталық тиісті ақпарат алынған кезден бастап бір құн ішінде тіркеу куәліктерінің тіркеліміне өзгерістер енгізуге міндettі.

Ескерту. 18-бап жаңа редакцияда – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19-бап. Шетелдік тіркеу куәліктерін тану

Ескерту. 19-бап алып тасталды – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған құнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5-тарау. КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ

20-бап. Куәландырушы орталықтың қызметі

1. Куәландырушы орталық Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған занды түлға болып табылады.

2. Куәландырушы орталық электрондық құжат айналымының бірнеше жүйесіне қызмет көрсете алады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (2012.01.30 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-1-бап. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба саласындағы мемлекеттік монополия

Ескерту. 5-тaraу 20-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.07.10 N 34-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен; алғып тасталды - ҚР 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

20-2-бап. Куәландырушы орталықтарды аккредиттеу

1. Куәландырушы орталықтарды аккредиттеу куәландырушы орталықтардың (Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығын қоспағанда) өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруы үшін міндettі шарт болып табылады. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган аккредиттеуді Қазақстан Республикасының занды тұлғалары болып табылатын куәландырушы орталықтарға қатысты жүзеге асырады.

2. Егер куәландырушы орталықтың өтінішінде анағұрлым қысқа мерзім көрсетілмесе, куәландырушы орталықты аккредиттеу үш жыл мерзімге тегін негізде жүзеге асырылады.

3. Арнайы куәландырушы орталықтарды аккредиттеу арнайы куәландырушы орталықтардың (Қазақстан Республикасының арнайы негізгі куәландырушы орталығын қоспағанда) өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыруы үшін міндettі шарт болып табылады.

Ескерту. 5-тaraу 20-2-баппен толықтырылды - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Куәландырушы орталықтың функциялары

1. Куәландырушы орталық:

1) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін заңсыз қол жеткізуден қорғау үшін шаралар қолдана отырып, электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушылардың өтініші бойынша электрондық цифрлық қолтаңбаның кілттерін жасайды;

2) тіркеу күеліктерін береді, тіркейді, кері қайтарып алады, сақтайды, белгіленген тәртіппен берілген тіркеу күеліктерінің тіркелімін жүргізеді;

2-1) тіркеу күеліктерін қолдану қагидаларын бекітеді;

3) қолданылып жүрген және кері қайтарып алынған тіркеу күеліктерін есепке алуды жүзеге асырады;

4) куәландырушы орталық Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркеген электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігін және жарамдылығын растайды.

5) <*>

2. Куәландырушы орталық сактауда тұрған электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілттері және (немесе) жабық кілттері жоғалуының, модификациялануының және қолдан жасалуының алдын алу үшін қажетті барлық шараларды қолдануға міндettі.

3. Куәландырушы орталық осы баптың 2-тармағында көзделген міндettі орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

4. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасы ұлттық куәландырушы орталығының және Қазақстан Республикасы негізгі куәландырушы орталығының функцияларын жүзеге асыруды "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы қамтамасыз етеді.

5. Қазақстан Республикасы арнайы негізгі куәландырушы орталығы функцияларының жүзеге асырылуын Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті қамтамасыз етеді.

Ескерту. 21-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20. N 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 28.12.2017 № 128-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.06.2020 № 347-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-бап. Куәландырушы орталықтың қызметін тоқтату

1. Куәландырушы орталықтың қызметі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тоқтатылады.

2. Куәландырушы орталық өз қызметін тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда қызметін тоқтатқанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын бұл туралы өздері қызмет көрсететін электрондық құжат айналымы жүйелеріне қатысуышылардың барлығын және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органды хабардар етуге міндettі.

3. Куәландырушы орталықтың қызметін тоқтату кезінде ол берген тіркеу күеліктері мен электрондық цифрлық қолтаңбаның тиісті кілттері, тіркеу күеліктерінің иелері

туралы мәліметтер тіркеу қуәлігінің иесімен келісіле отырып, басқа қуәландырушы орталықтарға беріледі.

4. Осы баптың 2-тармағында аталған мерзім өткеннен кейін басқа қуәландырушы орталықтарға берілмеген тіркеу қуәліктері мен электрондық цифрлық қолтаңбаның тиісті кілттері қолданылуын тоқтатады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақталуға тиіс.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 25.06.2020 № 347-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).
23-бап. Тіркеу қуәліктерінің иелері, электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық және ашық кілттері туралы мәліметтерді қорғау

1. Куәландырушы орталық тіркеу қуәліктерінің иелері туралы мәліметтердің қорғалуын қамтамасыз етеді және оларды Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда ашады.

2. Тараптардың келісіміне сәйкес жасырын болып табылатын тіркеу қуәліктерінің иелері туралы мәліметтер тіркеу қуәліктерінің жалпы қол жететін тіркеліміне енгізілмейді.

6-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

24-бап. Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікте болады.

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда электрондық құжаттарды қабылдаудан бас тартуға, сол сияқты электрондық құжат айналымы жүйесінің бағдарламалық және (немесе) техникалық құралдарын бұғаттау арқылы электрондық құжаттарды адресатқа дейін жеткізбеуге жол берілмейді.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

25-бап. Дауларды қарau

Электрондық құжатты және электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану кезінде туындастын даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот тәртібімен қаралуға тиіс.

26-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2003 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК